

Қарағанды агломерациясын дамытудың 2025 – 2029 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысы.

Қарағанды агломерациясының әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қарағанды агломерациясын дамытудың 2025 – 2029 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, Қарағанды облысының әкімдігі және мүдделі ұйымдары (келісу бойынша) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және олардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты жыл қорытындысы бойынша 25 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне ұсынып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты жыл қорытындысы бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынып тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 14 ақпандағы
№ 71 қаулысымен
бекітілген

Қарағанды агломерациясын дамытудың 2025 – 2029 жылдарға арналған кешенді жоспары

Ағымдағы жағдай

"Агломерациялардың тізбесі мен құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 19 маусымдағы № 486 қаулысына сәйкес Қарағанды агломерациясы екінші деңгейдегі агломерация болып табылады.

Қарағанды қаласы орталығы болып табылатын Қарағанды агломерациясы (бұдан әрі – агломерация) елді мекендерінің қолданыстағы тізбесіне Теміртау қаласы, Ақтау кенті, Саран қаласы, Ақтас кенті, Шахтинск қаласы, Шахан, Долинка, Новодолинский

кенттері, Абай қаласы, Абай ауданының 5 ауылдық округі, Бұқар жырау ауданының 17 ауылдық округі, Осакаров ауданының 1 ауылдық округі – жалпы ауданы 7,7 мың шаршы км болатын барлығы 33 елді мекен кіреді.

Бұл аумақтар Қарағанды қаласынан көлікпен баруға болатын 30 километрлік аймаққа кіреді.

Қарағанды агломерациясы халқының саны 2024 жылғы 1 қарашаға 870,6 мың адамды құрайды, оның ішінде Қарағанды қаласында 525,3 мың адам тұрады.

Қарағанды агломерациясының көші-қон сальдосы соңғы 5 жылда теріс серпін көрсетті – "-7893" адам. 2023 жылы Қарағанды қаласы бойынша көші-қон сальдосы "+1 944" адамды, қала маңы аймағы бойынша "-958" адамды құрады. 2024 жылғы 10 ай ішінде Қарағанды қаласы бойынша көші-қон сальдосы "+2 476" құрады.

Қарағанды агломерациясының Орталық Қазақстанның дамуы үшін маңызы зор, елдің орталық бөлігінде және Еуразия құрлығының орталығында орналасқан. Ыңғайлы геоэкономикалық жағдай облыстың полимагистральды көлік жолдарын республиканың солтүстігімен және оңтүстігімен байланыстыратын және Қытай мен Ресейге тікелей шығатын өнеркәсіптік-көлік торабының бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының орталық өңірінде жобаланатын өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық объектілерін орналастыру үшін перспективалы аймақ болып табылады. Агломерацияны дамыту үшін білікті еңбек ресурстарының көлемі жеткілікті (Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті және т.б.).

Агломерация дамуының ірі қалаларға түсетін қысымды төмендету, жолдардың, қалалардың жалпы қазақстандық желісін қалыптастыру, қоныстандырудың тірек қаңқасын қалыптастыру, орталық – қала және іргелес елді мекендер арасындағы халықтың өмір сүру деңгейінің теңгерімсіздігін қысқарту тұрғысынан алғанда маңызы зор.

Қарағанды агломерациясында өнеркәсіп өнімінің 64,8 %-ы (2,2 триллион теңге), оның ішінде өңдеуші өнімнің 70,4 %-ы (1,8 триллион теңге), ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 14,6 %-ы (71,1 миллиард теңге), облыстың жалпы өңірлік өнімінің 62 %-ы өндіріледі. Егіс алқабының 5,4 %-ы (66,96 мың га) агломерация үлесіне тиесілі.

Агломерацияның мамандануы:

Өнеркәсіп секторы металлургия, химия, жеңіл өнеркәсіп және машина жасау салаларынан тұрады.

Өңдеуші өнеркәсіптің басым болуы өнеркәсіптік дамудың жағымды тұсы болып табылады, тау-кен өндіру саласына тәуелділік жыл сайын төмендеуде. Резеңке және пластмасса бұйымдары, машина жасау және металл өңдеу саласының кәсіпорындары жүйе құраушы болып табылады. Құрылыс материалдарының өндірісі айтарлықтай жоғары қарқынмен дамуда.

Қолда бар минералдық база мен кадр әлеуетін пайдалана отырып, жоғары технологиялық өндірістерді дамыту ықтималдығы жоғары.

Агломерация аумағында арнайы экономикалық аймақ, "Saran" және "Qaz Carbon" (жеке меншік) индустриялық аймақтары орналасқан. Шағын өнеркәсіптік аймақтар қалыптасуда.

Агломерацияның үлесіне өндірілетін көмірдің 32 %-ы (37,2 миллион тонна), темір кендерінің 20,3 %-ы (9,7 миллион тонна), жалпақ илектің 100 %-ы (2,5 миллион тонна) тиесілі.

Қарағанды агломерациясының негізгі өнеркәсіптік кәсіпорындары: "Qarmet" АҚ, "YDD Corporation" ЖШС, "Asia Ferroalloys" ЖШС, "Kaz-metiz" ЖШС, "Exim Artis" компаниялар тобы, "Maker" ЖШС, "Борусан Макина Қазақстан" ЖШС, "Қарағанды фармацевтикалық кешені" ЖШС, "Имсталькон - Қарағанды металл конструкциялар зауыты" ЖШС, "ТЭМК" АҚ, "CentralAsiaCement" АҚ, "Қарцемент" АҚ, "Nord Production Group" ЖШС, "QazTehna" ЖШС, "Kazcentrelectroprovod" ЖШС, "SES Saran" ЖШС, "ККК Бетон" ЖШС, "СК Завод ЖБИ-5" ЖШС, "Sunpaper" ЖШС, "Гросфарм" ЖШС, "Сат Көмір" ТҚК АҚ, "Кузнецкий разрезі" ЖШС, "Изоплюс Орталық Азия" ЖШС, "Бемер Арматура" ЖШС, "Севен Рефракториз Азия" ЖШС, "Техноиндустрия" ЖШС, "КДСМ" ЖШС, "Шығыс" ОБФ, "Топар БЭТС" ЖШС, "Қараганданеруд" ЖШС және басқалары, жалпы жұмыс орын саны 34318 бірлікті құрайды.

Ауыл шаруашылығы саласы мал шаруашылығынан, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуден, өсімдік шаруашылығынан тұрады.

Ауыл шаруашылығы саласы агломерацияны дамытудың стратегиялық жоспарын іске асырудағы басым бағыттардың бірі болып табылады.

Агломерация аумағы арқылы Нұра өзені, Қ. Сәтбаев атындағы канал өтеді. Шерубайнұра, Самарқанд, Федоров су қоймалары бар. Сондай-ақ шахта қазбаларының әсерінен жердің шөгуі нәтижесінде пайда болған ұсақ су қоймалары бар.

Агроөнеркәсіптік кешен саласында 59 ЖШС және 1961 шаруа қожалығы жұмыс істейді, олардың ішінде ірі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер: 25 және басқалар, жалпы жұмыскер саны 19215 адам.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мал басы 145,2 мың басты құрады (облыс бойынша үлесі – 8,5 %), ірі қара мал (бұдан әрі – ІҚМ) – 35,5 мың бас (облыс бойынша үлесі – 7,3 %), жылқы – 12,5 мың бас (облыс бойынша үлесі – 3,5 %), қой мен ешкі – 39,6 мың бас (облыс бойынша үлесі – 5,2 %), шошқа – 57,7 мың бас (облыс бойынша үлесі – 76,8 %). Азық базасының көлемі 81,1 мың тоннаны құрайды.

Агломерацияның үлесіне астықтың 0,3 %-ы (2,1 мың тонна), еттің 4,7 %-ы (5,8 мың тонна) және тағамдық субөнімдердің 13,4 %-ы (2,7 мың тонна) тиесілі.

Қарағанды агломерациясында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) субъектілерінің саны 75 мыңнан астам бірлікті құрайды, жұмыскерлер контингенті – 200 мыңнан астам адам.

ШОБ субъектілерінің өнім шығару көлемі 2 триллион теңгені құрады.

Жұмыс күшінің саны 422,9 мың адамды құрайды.

2023 жылы Қарағанды агломерациясы бойынша жұмыссыздық деңгейі 4,6 % -ды құрады, оның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,4 %. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыссыз халық саны 19406 адамды құрады.

Қарағанды агломерациясының құрамына кіретін аумақтық бірліктердің ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Қарағанды қаласы

Қала аумағы 49,8 мың гектарды құрайды, 2 ауданды қамтиды. 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша халық саны 525,3 мың адамды немесе облыс халқының 46,3 %-ын құрайды, 2023 жылдың сәйкес кезеңіне қатысты (519,8 мың адам) 5449 адамға өсті.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 4,8 %-ды құрады, бұл ретте 6700 жұмыс орны құрылды, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 100 % (2023 жылғы қаңтар-қараша – 6698 адам).

2024 жылдың 3-тоқсанында орташа айлық жалақы 355,9 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2024 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 773,2 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 700,7 миллиард теңгені құрады.

2024 жылғы қаңтар-қарашада негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 255,8 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде бұл көрсеткіш 208 миллиард теңге деңгейіне жетті.

Ауыл шаруашылығы: 2024 жылдың 11 айында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 14,1 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 104,3 %-ды құрады. 0,6 мың тонна немесе 2023 жылдың тиісті кезеңіне қатысты 98,5 % ет, 1,7 мың тонна (101,3 %) сүт, 2,6 миллион дана (101,2 %) жұмыртқа өндірілді. Ірі қара мал басы 12,6 %-ға артып, 2,1 мың басты құрады, қой-ешкі 116,5 %-ға (3,7 мың бас) артты, жылқы саны 48,3 %-ға (0,5 мың бас) азайды, құс саны 2023 жылдың ұқсас кезеңіндегі деңгейде қалды (31,5 мың бас).

Кәсіпкерлік және бизнес: 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 57 092 бірлікті құрап, 2,3 %-ға ұлғайды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет көлемі 6,8 %-ға төмендеп, 831,5 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төлемдер 99,8 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2024 жылдың 11 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 162,7 миллиард теңгені (2023 жылдың 11 айында – 78 миллиард теңге) құрады, оның ішінде 360,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (2023 жылдың 11 айында – 329,2 шаршы метр тұрғын үй).

Білім беру: 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 17 865 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 84,5 %.

Сондай-ақ ағымдағы жылы 82 мектеп жұмыс істейді, орта білім беру мекемелерінде 75619 оқушы бар. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету орташа есеппен 1 компьютерге 5,2 оқушыны құрайды.

Денсаулық сақтау: қала тұрғындарына 114 медициналық мекеме, оның ішінде – 2 диспансер, 25 стационар, 10 стоматологиялық емхана, 19 емхана, 43 консультативтік-диагностикалық емхана медициналық көмек көрсетеді. 2024 жылғы қазандағы жағдай бойынша ауруханаларда жұмыс істейтін дәрігер саны 2744 адамды құрады. Дәрігерлермен қамтамасыз ету 10000 тұрғынға шаққанда 51,7 адамды құрайды.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2024 жылдың 11 айында 3939 қылмыс тіркеліп, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,4 %-ға азайған. Қылмыстың ашылу деңгейі артып, 52 %-ды құрады (2023 жылы – 25,2 %).

Жол-көлік оқиғасының саны – 679, онда 11 адам қаза тапты.

Теміртау қаласы

Қала 1945 жылы құрылған, аумағы 31,1 мың гектарды құрайды. Ақтау кенті Теміртау қаласының әкімшілік бағынысына кіреді. 2024 жылғы 1 қарашаға халық саны 176709 адамды құрайды, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (177256 адам) 547 адамға азайған.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 3,9 %-ды құрады, 2574 жұмыс орны құрылды, бұл 2023 жылға қарағанда 9,2 %-ға артық (2357 жұмыс орны).

Өнеркәсіп: 2024 жылдың 11 айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1 триллион теңгені (2023 ж. 11 айы – 0,9 триллион теңге), нақты көлем индексі 114 %-ды құрады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар. 2024 жылғы қаңтар-қарашада негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 261,2 миллиард теңгені (2023 жылдың 11 айында – 62,3 миллиард теңге), нақты көлем индексі – 412,8 %-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы: 2024 жылдың 11 айында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 7,5 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 100,9 %-ды құрады. 0,2 мың тонна ет немесе 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты 100,7 %, 1,3 мың тонна (99,4 %) сүт, 0,3 миллион дана (78,9 %) жұмыртқа өндірілді. Қой мен ешкі 11,5 %-ға артып, 2,7 мың басты құрады, жылқы 27,5 %-ға (0,3 мың бас) ұлғайды, ірі қара мал 17,1 %-ға (0,5 мың бас), құс саны 54,6 %-ға (1,4 мың бас) азайды.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2024 жылғы 1 шілдеде жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 11602 бірлікті құрап, 2,1 %-ға ұлғайды. Өндірістік өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі 3,7 %-ға артып, 144,5 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төлемдер 34,2 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2024 жылдың 11 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 54,6 миллиард теңгені құрады (2023 жылдың 11 айында – 46 миллиард теңге), оның ішінде 13,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (2023 жылдың 11 айы – 9,4 мың шаршы метр тұрғын үй).

Денсаулық сақтау: туу коэффициенті 23,6 %-ға төмендеп (2023 жылғы қаңтар-қараша – 1000 адамға шаққанда 12,8 жағдай), 9,77-ні құрады. Өлім коэффициенті 18,8 %-ға төмендеді (2023 жылғы қаңтар-қазан – 10,02 жағдай, 2024 жылғы қаңтар-қараша – 1000 адамға шаққанда 9,14 жағдай).

Білім беру: мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы саны (1 жастан 6 жасқа дейін) 9184 адамды құрады. 5968 бала немесе 65 % мектепке дейінгі біліммен қамтылған. Мектептерде 23778 оқушы оқиды. Компьютер саны – 7290 бірлік, 1 компьютерге шаққанда оқушы саны – 3.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2024 жылдың 11 айында 870 қылмыс тіркеліп, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8 %-ға төмендеген. Қылмыстың ашылу деңгейі артып, 53,1 %-ды құрады (2023 жылы – 43,8 %).

Жол-көлік оқиғасының саны – 190, онда 7 адам қаза тапты.

Саран қаласы

Қаланың аумағы 16,1 мың гектарды құрайды және 1 қала мен 1 Ақтас кентін қамтиды. 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша халық саны 43535 адамды немесе облыс халқының 3,8 %-ын құрады, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен (43776 адам) салыстырғанда 244 адамға азайған.

Әлеуметтік статистика: 2024 жылғы қаңтар-қарашада 1353 жаңа жұмыс орны құрылды, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты 6,4 %-ға аз. 2024 жылдың 3-тоқсанында орташа айлық жалақы 454,3 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2024 жылдың 11 айында өнеркәсіп өнімінің көлемі 165,9 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде өнеркәсіп өнімінің көлемі 146,9 миллиард теңгені құрады.

2024 жылғы қаңтар-қарашада негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 83,8 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде бұл көрсеткіш 102,4 миллиард теңгеге жетті.

Ауыл шаруашылығы: 2024 жылдың 11 айында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,8 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 93,2 %-ды құрады. 0,2 мың тонна ет немесе 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты 80,1 %, 0,7 мың тонна (72 %) сүт, 0,9 миллион (102,7 %) дана жұмыртқа өндірілді. Құс саны 8,9 %-ға артып, 8,9 мың басты құрады, ірі қара мал саны 8,5 %-ға (1 мың бас), жылқы 25,2 %-ға (0,4 мың бас), қой мен ешкі 7,7 %-ға (2,4 мың бас) азайды.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 2 %-ға артып, 2801 бірлікті құрады. Өндірілген өнім

мен көрсетілген қызмет көлемі 9,4 %-ға төмендеді және 30,6 миллиард теңгені, ал бюджетке төлемдер 6,4 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2024 жылдың 11 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 29,4 миллиард теңгені (2023 жылдың 11 айында – 26,7 миллиард теңге) құрады, оның ішінде 8,3 мың шаршы метр тұрғын үй (2023 жылдың 11 айында – 2,2 мың шаршы метр тұрғын үй) пайдалануға берілген.

Білім беру: 8 балабақша мен 2 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 1657 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 100 %.

8 мектепте 5722 оқушы оқиды. Компьютерлік техникамен қамтамасыз етілу орташа есеппен 1 компьютерге 3,5 оқушыны құрайды.

Денсаулық сақтау: қала тұрғындарына 1 медициналық мекеме медициналық көмек көрсетеді. 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ауруханаларда жұмыс істейтін дәрігер саны 122 адамды құрады. Дәрігерлермен қамтамасыз етілу 10000 тұрғынға шаққанда 28 адамды құрайды.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2024 жылдың 11 айында 161 қылмыс тіркеліп, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26,8 %-ға төмендеген. Қылмыстың ашылу көрсеткіші артып, 54,3 %-ды құрады (2023 жылы – 47,6 %).

Жол-көлік оқиғасының саны – 52, онда 3 адам қаза тапты.

Шахтинск қаласы

Қаланың аумағы 23,6 мың гектарды құрайды және бір қаланы, төрт кентті қамтиды. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халық саны 57696 адамды немесе облыс халқының 5 %-ын құрады, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (58290 адам) 594 адамға азайған.

Әлеуметтік статистика: 2023 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 4,1 %-ды құрады, бұл ретте 1485 жаңа жұмыс орны құрылды немесе 2023 жылға қатысты 122,5 % (1212 жұмыс орны). 2024 жылғы 3-тоқсанның қорытындысы бойынша орташа айлық жалақы 485,9 теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2024 жылдың 11 айында өнеркәсіп өнімінің көлемі 19,3 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде өнеркәсіп өнімінің көлемі 18,9 миллиард теңгені құрады.

2024 жылдың қаңтар-қараша айларында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 92,9 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңіне бұл көрсеткіш 3,2 миллиард теңгеге жетті.

Ауыл шаруашылығы: 2024 жылдың 11 айында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 5,1 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі – 102,7 %-ды құрады. 0,4 мың тонна ет немесе 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты

101,5 %, 1,1 мың тонна (108,2 %) сүт, (99,3 %) 1 миллион дана жұмыртқа өндірілді. Ірі қара мал басы 15,9 %-ға артып, 1,3 мың басты құрады, жылқы саны 1,6 %-ға (1,1 мың бас), құс 16,2 %-ға (7,3 мың бас), қой мен ешкі 5,9 %-ға (3,5 мың бас) азайды.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2024 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 0,9 %-ға артып, 2 788 бірлікті құрады. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет көлемі 25,3 %-ға ұлғайды және 14,7 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төлемдер 3,2 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2024 жылдың 11 айында құрылыс жұмыстарының көлемі 13,2 миллиард теңгені құрады (2023 жылдың 11 айында – 13,3 миллиард теңге), оның ішінде 1,9 мың шаршы метр тұрғын үй (2023 жылдың 11 айында – 5,3 мың шаршы метр тұрғын үй) пайдалануға берілді.

Білім беру: 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 14 балабақша (оның ішінде 4 жеке меншік) және 2 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 2289 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 100 %.

Сондай-ақ ағымдағы жылы 9 орта мектеп, 1 мектеп-лицей, 2 гимназия жұмыс істейді, орта білім беру мекемелерінде 7861 оқушы білім алуда. Компьютерлік техникамен қамтамасыз етілу орта есеппен 1 компьютерге шаққанда 3,1 оқушыны құрайды (облыс бойынша 1 компьютерге 4 оқушы).

Денсаулық сақтау: қала тұрғындарына 2 медициналық мекеме (1 – мемлекеттік, 1 – жеке меншік), оның ішінде – бір қалалық аурухана, 3 отбасылық денсаулық орталығы, 1 консультативті-диагностикалық бөлімше, 1 әйелдер консультациясы бөлімшесі медициналық көмек көрсетеді. 2024 жылғы қарашадағы жағдай бойынша ауруханаларда жұмыс істейтін дәрігер саны 749 адамды құрады. 10000 тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамтамасыз етілу 21,9 адамды құрайды.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2024 жылдың 11 айында 293 қылмыс тіркеліп, 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,8 %-ға азайған. Жол-көлік оқиғасының саны – 20 (2024 ж. 11 айында) (2023 жылы – 6 оқиға), онда 2 адам қаза тауып (2023 жылы – 2 адам), 18 адам жарақаттанған (2023 жылы – 4 адам).

Абай ауданы

Қаланың аумағы 672,5 мың гектарды құрайды және 1 қаланы, 14 ауылдық округті, 30 елді мекенді қамтиды. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халық саны 59033 адамды немесе облыс халқының 5,1 %-ын құрайды, 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (43776 адам) 244 адамға азайған.

Әлеуметтік статистика: 2024 жылдың 11 айында жалпы жұмыссыздық деңгейі 572 адамды немесе 144,4 %-ды құрады (2023 жылы – 396 адам), бұл ретте 1045 немесе 2023 жылға қарағанда 82,1 % жаңа жұмыс орны құрылды. 2024 жылдың 3-тоқсанында орташа айлық жалақы 358,7 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2024 жылдың 11 айында өнеркәсіп өнімінің көлемі 61,9 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде өнеркәсіп өнімінің көлемі 55,8 миллиард теңгені құрады.

2024 жылғы қаңтар-қарашада негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 69,9 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде бұл көрсеткіш 29,5 миллиард теңге деңгейіне жетті.

Ауыл шаруашылығы: 2024 жылғы 11 айда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 47,6 миллиард теңгені, нақты көлем индексі 104,3 %-ды құрады. 8,9 мың тонна ет немесе 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қатысты 98,6 %, 9,2 мың тонна (99,1 %) сүт, 216,1 миллион дана (93,2 %) жұмыртқа өндірілді. Ірі қара мал басы 26,3 %-ға артып, 20,6 мың басты құрады, жылқы саны 7,9 %-ға (14,1 мың бас), қой мен ешкі 33,2 %-ға (37,1 мың бас) артты, құс саны 0,5 %-ға (01 мың бас) азайды.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2024 жылғы 1 қаңтарда жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 0,6 %-ға артып, 3 381 бірлікті құрады. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет көлемі 42,9 %-ға азайып, 20,6 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төленетін төлемдер 5,1 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2024 жылдың 11 айы ішінде құрылыс жұмыстарының көлемі 29,6 миллиард теңгені (2023 жылдың 11 айында – 27,5 миллиард теңге) құрады, оның ішінде 5,2 мың шаршы метр тұрғын үй (2023 жылдың 11 айында – 6,1 мың шаршы метр тұрғын үй) пайдалануға берілді.

Білім беру: 2023 жылы ауданның білім беру жүйесін қаржыландыруға 12 миллиард теңге бөлінді. 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 14 балабақша мен 12 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 2328 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 100 %.

Сондай-ақ ағымдағы жылы 27 мектеп жұмыс істейді, орта білім беру мекемелерінде 8606 оқушы бар. Компьютерлік техникамен қамтамасыз етілу орташа есеппен 1 компьютерге 3,2 оқушыны құрайды.

Денсаулық сақтау: аудан тұрғындарына 18 медициналық мекеме, оның ішінде – 1 аудандық аурухана, 1 қалалық аурухана, 6 дәрігерлік амбулатория, 5 фельдшерлік-акушерлік және 5 медициналық пункт медициналық көмек көрсетеді. 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ауруханаларда жұмыс істейтін дәрігер саны 154 адамды құрады. Дәрігерлермен қамтамасыз етілу 10 000 тұрғынға шаққанда 27,4 адамды құрайды.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2024 жылдың 11 айында 193 қылмыс тіркеліп, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,5 %-ға азайған. Қылмыстың ашылу деңгейі төмендеп, 39,2 %-ды құрады (2023 жылы – 58,3 %).

Жол-көлік оқиғасының саны – 61, онда 5 адам қаза тапты.

Бұқар жырау ауданы

Аудан аумағы 1,5 миллион гектарды құрайды және ол 1 кентті, 29 ауылдық округті, 68 елді мекенді қамтиды. 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша халық саны 53 367 адамды (облыс халқының 4,7 %-ы) құрайды.

Әлеуметтік статистика: 2024 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 3,3 %-ды құрады, бұл ретте 1327 жаңа жұмыс орны құрылды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,2 есе артық. 2024 жылдың 3-тоқсанында орташа айлық жалақы 330,6 мың теңгені құрады.

Өнеркәсіп: 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 81,4 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 149,2 миллиард теңгені құрады.

2024 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 46 миллиард теңгені құрады. 2023 жылдың ұқсас кезеңінде көрсеткіш 30,3 миллиард теңге деңгейіне жетті.

Ауыл шаруашылығы: 2024 жылдың қаңтар-қараша айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 81,1 миллиард теңгені, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің нақты көлем индексі 113,5 %-ды құрады. 13,3 мың тонна ет немесе 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 56,1 %, 33,1 мың тонна (98,4 %) сүт, 335,7 миллион дана жұмыртқа өндірілді. Ірі қара мал басының саны 114,4 %-ға артып, 60,6 мың басты, жылқы 114,8 %-ға

(35,1 мың бас), қой мен ешкі 120,5 %-ға (66,1 мың бас), құс саны 101,9 %-ға (2 101,1 мың бас) ұлғайды.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2024 жылдың қаңтар-шілде айларында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1,1 %-ға азайып, 3921 бірлікті құрады. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтер көлемі 16,4 %-ға төмендеп, 40 миллиард теңгені құрады, бұл ретте бюджетке төленетін төлемдер 6,8 миллиард теңгені құрады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2023 жылы құрылыс жұмыстарының көлемі 29,4 миллиард теңгені (2023 жылғы қаңтар-қараша – 21,4 миллиард теңге) құрады, оның ішінде 9,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді (2023 жылы – 7,3 мың шаршы метр тұрғын үй).

Білім беру: 2023 жылы ауданның білім беру жүйесін қаржыландыруға 14,1 миллиард теңге бөлінді. 2024 жылы 12 балабақша мен 25 шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 1739 бала мектепке дейінгі білім берумен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 81,4 %.

Сондай-ақ ағымдағы жылы 42 мектеп жұмыс істейді, орта білім беру мекемелерінде 8718 оқушы бар. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету орта есеппен 1 компьютерге 3 оқушыны құрайды.

Денсаулық сақтау: қала тұрғындарына 56 медициналық мекеме, оның ішінде 1 аудандық аурухана, 1 ауылдық учаскелік аурухана, 15 дәрігерлік амбулатория, 14 фельдшерлік-акушерлік және 25 медициналық пункт медициналық көмек көрсетеді.

2024 жылғы желтоқсандағы жағдай бойынша ауруханаларда жұмыс істейтін дәрігер саны 77 адамды құрады. Дәрігерлермен қамтамасыз ету 10000 тұрғынға шаққанда 14,7 адамды құрайды.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2024 жылдың 11 айында 185 қылмыс тіркеліп, 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 21,6 %-ға азайған. Қылмыстың ашылу деңгейі төмендеп, 48,8 %-ды құрады (2023 жылы – 63,7 %).

Жол-көлік оқиғасының саны – 69, онда 23 адам қаза тапты.

Осакаров ауданы Қаратомар ауылы

Ауылдың аумағы 7,4 мың гектарды құрайды. 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша халық саны 564 адамды құрады, 2023 жылмен салыстырғанда 5 адамға артты.

Әлеуметтік статистика: 2024 жылы жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 0,16 %-ды құрайды, бұл ретте 2 жаңа жұмыс орны құрылды. 2023 жылы орташа айлық жалақы 133,5 мың теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығы: 2023 жылы 5 тонна ет, 5 тонна сүт, 3 мың дана жұмыртқа өндірілді.

Ірі қара мал басы 44,16 %-ға азайып, 771 басты құрады, жылқы 43 %-ға (607 бас) артты, құс – 44 %-ға (375 бас) азайды.

Кәсіпкерлік және бизнес: 2023 жылғы қыркүйек айының соңында жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 4 бірлікті құрады, оның ішінде 3 дүкен және 1 дүңгіршек.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық: 2024 жылы Қаратомар ауылындағы ауылыштық жолдарды ағымдағы жөндеу бойынша құжаттар ведомстволық сараптама порталына енгізілді

Білім беру: 2024 жылғы 1 желтоқсанға жағдай бойынша 1 бірлік балабақша мен шағын орталық жұмыс істейді, барлығы 15 бала мектепке дейінгі біліммен қамтылған. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту – 50 %.

1 мектеп жұмыс істейді, онда 89 оқушы оқиды. Компьютерлік техникамен қамтамасыз етілу орта есеппен 1 компьютерге 3 оқушыны құрайды (ауыл бойынша 1 компьютерге 3 оқушы).

Денсаулық сақтау: ауыл халқына 1 медициналық пункт медициналық көмек көрсетеді. 2024 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша 2 мейіргер жұмыс істейді.

Қоғамдық қауіпсіздік: 2024 жылы қылмыс тіркелген жоқ.

Қарағанды агломерациясының сын-қатерлері және даму әлеуеті

Жақын арада шешімін күтетін мынадай мәселелер бар:

1. Халықтың басым бөлігі тұрақты жұмыс істейтін қала құраушы кәсіпорында жұмыс істесе де, өздерінің көлеміне байланысты бұл елді мекендер экспортталатын өнімге әлемдік баға конъюнктурасындағы ықтимал дағдарыстар мен өзгерістер алдында осал болып табылады.

Соңғы он жылда негізгі қорлардың тозу дәрежесі Қарағанды қаласында 37,5 %-дан 40,6 %-ға дейін, Теміртау қаласында 45,7 %-дан 57,2 %-ға дейін, Шахтинск қаласында 31,3 %-дан 46,6 %-ға дейін өсті.

Осыған байланысты мұндай қалаларға қатысты экономика құрылымын әртараптандыру, баламалы өндірістер құру, қала құраушы кәсіпорындардың төңірегінде және олармен әріптестікте шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі құралдарды барынша қолдану қажет.

Арнайы экономикалық аймақта қажетті инфрақұрылым құрылысының аяқталуын қамтамасыз ету қажет.

Өңірлердің бәсекелестік артықшылықтары мен әлеуеті негізінде, сондай-ақ бизнес тарапынан сұраныс болған кезде жаңа мамандандырылған факторларды құру қажет.

2. Қарағанды агломерациясын дамыту үшін өңірлерде, оның ішінде моноқалаларда кәсіпкерлікті қолдаудың және мамандандырылған факторларды дамытудың маңызы зор (Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспары).

1 триллионнан астам теңге сомаға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту қажет (Саран – 5 жоба, 737,2 миллион теңге сомаға, Теміртау – 70 миллион теңге, Қарағанды – 225 миллион теңге).

3. Ауыл шаруашылығы секторына ауыл халқының табысы өсуін ынталандыру үшін тиісті инфрақұрылым құрудың маңызы зор.

Келесі міндеттерді шешу қажет:

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің өнімділігін арттыру. 2023 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі және ауыл шаруашылығы алқаптарының 100 га жалпы өнімінің шығысы 1 гектарға шаққанда 43,1 центнерді құрайды (Қарағанды – 5,8 центнер, Теміртау – 24,5 центнер, Шахтинск – 0,03 центнер, Абай ауданы – 1,8 центнер, Осакаров ауданы – 2,2 центнер, Бұқар жырау ауданы – 8,8 центнер).

Мал мен құстың барлық түрлерін тірі салмақта сою 2023 жылмен салыстырғанда 3,2 % -ға азайды, сиыр сүтін өндіру 7,1 %-ға азайды, тауық жұмыртқасы 11,6 %-ға азайды;

қайта өңдеу өндірісінің тиімділігін арттыру.

Қолда бар қуаттардың жүктемесі 70 %-ды құрайды, оның ішінде өңірлер бойынша (Қарағанды қаласы – 70 %, Теміртау қаласы – 44 %, Саран қаласы – 60 %, Шахтинск қаласы – 86 %, Абай ауданы – 60 %, Бұқар жырау ауданы – 100 %). Шұжық өнімдерін, өсімдік майын, сүт және сүт өнімдерін, ұн, құс саңғырығын (биогаз қондырғысы) өңдеу әлеуеті бар;

цифрлық шешімдерді жаппай енгізу арқылы технологиялық факторлардың тиімділігін арттыру.

4. Бірыңғай еңбек нарығы құрылатындықтан, агломерацияның құрамындағы елді мекендер арасында сапалы көлік байланысын қамтамасыз ету қажет.

Осыған байланысты 51 км автомобиль жолын салу және реконструкциялау, 487,3 км автомобиль жолын орташа және ағымдағы жөндеу қажет. "Саран – Березняки" жолы салынған кезде Теміртау қаласына дейінгі кептелістерді ескере отырып, жолдағы қашықтық пен жүру уақыты 48 км-ден 25 км-ге дейін немесе 2 есе қысқарады.

Бұл Абай, Саран, Шахтинск, Теміртау моноқалалары халқының қала құраушы кәсіпорындардың қызметіне тәуелділігін айтарлықтай азайтады.

Шахтинск-Қарағанды, Шахтинск-Шахан, Шахтинск-Саран, Шахтинск-Абай арасындағы көлік қатынасын, РТБ-ге дейінгі өткел мен жол өтпесін жақсарту қажет.

Қалалар экономикасын дамытудың әлеуетті мүмкіндіктері республикалық маңызы бар "Қарағанды-Жезқазған" автожолы учаскесін реконструкциялауға байланысты.

Ішкі өңіраралық байланысты қамтамасыз ету жөніндегі келесі міндет жол жүру уақытын қысқартуға және экономикалық белсенділікті қамтамасыз ету үшін дамуы төмен елді мекендердің неғұрлым дамыған елді мекендермен байланысын күшейтуге бағытталатын болады.

5. Қоршаған ортаның жай-күйі қанағаттанарлықсыз екені атап өтіледі (атмосфераға шығарындылардың көлемі 2020 – 2022 жылдары – 11,5 миллион тонна және 2023 жылы 225,5 мың тоннаны құрады: АрселорМиттал Теміртау АҚ – 201 мың тонна, "Қарағанды Энергоорталық" ЖШС – 24,52 мың тонна).

2023 жылы облыс бойынша жиналған қалдық көлемі 343,5 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтар, Қарағанды – 210 888 тонна, Теміртау – 41 712 тонна, Саран – 19 605 тонна, Шахтинск – 21 730 тонна, қайта өңделген қалдық көлемі – 192,4 мың тонна немесе жиналған көлемнің 56 %-ы.

2024 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Теміртау қаласы бойынша шығарынды көлемі 181,522 мың тоннаны, Қарағанды бойынша 27,074 мың тоннаны құрайды.

2022 жылы облыс бойынша пайда болған қалдықтардың көлемі 328,2 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтарды құрады, қайта өңделген қалдықтар көлемі – 179,2 мың тонна немесе жоспар 54 % болған кезде 55 %. 2024 жылы облыста пайда болған қалдықтың көлемі 343,5 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтарды құрады, қайта өңделген қалдықтың көлемі 192,4 мың тоннаны немесе 56 %-ды құрады.

6. Климаттық жағдайлар мен жылыту маусымының ұзақ болуы жылу энергиясы көздерінің жай-күйіне әсер етеді.

Агломерацияның энергия көздерінің негізгі жабдықтарының тозуы жоғары: қазандық жабдығы 69,1 %, турбина жабдығы 71,5 % шамасында (Қарағанды 1-ші ЖЭО, "Қарағанды Энергоорталығы" ЖШС қазандық жабдығы – 41,8 %, турбина жабдығы – 74,9 %, Қарағанды 3-ші ЖЭО, "Қарағанды Энергоорталығы" қазандық жабдығы – 76,1 %, турбина жабдығы – 68,5 %, "Qarmet" АҚ 2-ші ЖЭО қазандық жабдығы – 62,6 %, турбина жабдығы – 72,9 %, ҚарГРЭС-1 ЖК "Nova Novatis Ltd" қазандық жабдығы – 51,4 %, турбина жабдығы – 57,1 %, "Шахтинсктеплоэнерго" ЖШС Шахтинск ЖЭО

қазандық жабдығы – 61,9 %, турбина жабдығы – 86,5 %, "Топар бас энергия тарату станциясы" ЖШС қазандық жабдығы – 91,6 %, турбина жабдығы – 78,4 %, Балқаш ЖЭО қазандық жабдығы – 98,5 %, турбина жабдығы – 62,2 %).

Энергия көздерінің белгіленген электр қуаты – 2019 МВт ("Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағанды 1-ші ЖЭО – 24 МВт, "Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағанды 3-ші ЖЭО – 670 МВт, "Qarmet" АҚ 2-ші ЖЭО – 435 МВт, "Bassel Group LLS" ЖШС ҚарМАЭС-1 – 84 МВт, "Шахтинсктеплоэнерго" ЖШС Шахтинск ЖЭО – 18 МВт, "Топар" бас энергия тарату станциясы" ЖШС – 643 МВт, Балқаш ЖЭО – 145 МВт) құрайды, ал қолда бары – 1699,4 МВт ("Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағанды 2-ші ЖЭО – 24 МВт, "Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағанды 3-ші ЖЭО – 535,7 МВт, "Qarmet" АҚ 2-ші ЖЭО – 288,7 МВт, "Bassel Group LLS" ЖШС ҚарМАЭС-1 – 81 МВт, "Шахтинсктеплоэнерго" ЖШС Шахтинск ЖЭО – 12 МВт, "Топар" бас энергия тарату станциясы" ЖШС – 620 МВт, Балқаш ЖЭО – 138 МВт). Орнатылған жылу қуаты – 3731,2 Гкал/сағ ("Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағанды 1-ші ЖЭО – 392 Гкал/сағ, "Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағанды 3-ші ЖЭО – 1432 Гкал/сағ, "Qarmet" АҚ 2-ші ЖЭО – 1012 Гкал /сағ, "Bassel Group LLS" ЖШС ҚарМАЭС-1 – 70 Гкал/сағ, "Шахтинсктеплоэнерго" ЖШС Шахтинск ЖЭО – 141,6 Гкал/сағ, "Топар бас энергия тарату станциясы" ЖШС - 300 Гкал/сағ, Балқаш ЖЭО – 383,6 Гкал/сағ), қолда бары – 2859,4 Гкал/сағ ("Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағандылық 1-ші ЖЭО – 235,8 Гкал/сағ, "Қарағанды Энергоцентр" ЖШС Қарағанды 3-ші ЖЭО – 1076,1 Гкал/сағ, "Qarmet" АҚ 2-ші ЖЭО – 735 Гкал/сағ, "Bassel Group LLS" ЖШС ҚарМАЭС-1 – 35 Гкал /сағ, "Шахтинсктеплоэнерго" ЖШС Шахтинск ЖЭО – 113,9 Гкал/сағ, "Топар" бас энергия тарату станциясы" ЖШС – 280 Гкал/сағ, Балқаш ЖЭО – 383,6 Гкал/сағ).

Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын және электр энергиясына артып отырған сұранысты ескере отырып, энергия жүйесіндегі проблемаларды жою және болашақ тәуекелдерді азайту жөнінде жүйелі шаралар қабылдау, жаңартылатын энергия көздерінің үлесін ұлғайту есебінен базалық қуаттарды жаңғырту және ұлғайту қажет.

Саран, Шахтинск, Абай қалаларында, Ақтау, Шахан, Долинка, Новодолинка, Қарабас, Топар, Құрма, Жұмабек, Дубовка кенттерінде күн энергетикасын дамытуға арналған жағдайлар бар.

Саран қаласында қуаты 100 МВт болатын "SES Saran" ЖШС күн электр станциясы жұмыс істейді, 2026 жылы күн электр станциясының екінші кезегін салу жоспарланған.

7. Сумен жабдықтау және су бұру инфрақұрылымы бойынша диспропорция бар.

Тозудың ең жоғары деңгейі:

сумен жабдықтау желілері Шахтинск қаласында – 61 % және Теміртау қаласында – 68 %. Ауылдық елді мекендер арасында: Новодолинский – 90 %;

су бұру желілері Қарағанды қаласында – 84 %, Шахтинск қаласында – 90,4 %, Ақтау кентінде – 100 %, Шахан кентінде – 92 %. Ауылдық елді мекендер арасында: Құрма – 90,97 %, Доскей және Новодолинский кенттерінде – 90 %;

жылумен жабдықтау желілері Қарағанды қаласында – 71,2 %, Теміртау қаласында – 68,5 %, Шахтинск қаласында – 61,7 %. Топар кентінде – 68,8 %. 23 елді мекен орталықтандырылған жылумен жабдықталмаған;

электрмен жабдықтау желілері Қарағанды қаласында – 73,3 %, Теміртау қаласында – 62 % тозуы байқалады. Тозу Ақтас кентінде – 61 %, Шахан кентінде – 90 %-ды құрайды. Ауылдық елді мекендердің арасында: Доскей ауылы – 84 %, Трудовое – 90 %, Петровка – 84 %.

4 қалада (Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск) кәріздік-тазарту құрылыстарын жаңғырту және реконструкциялау талап етіледі.

Осыған байланысты артта қалған өңірлерді инженерлік-коммуналдық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау қажет.

Бұл бағыт бірінші кезекте сумен жабдықтаумен және су бұрумен қамтамасыз ету, коммуналдық сектор желілерін (электрмен, газбен және жылумен жабдықтау желілерін) жаңғырту мәселелерін шешуге бағдарланатын болады.

8. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты су ресурстарын ұтымды пайдалану, сондай-ақ су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесі маңызды мәселелердің бірі болады.

Үлкен Бұқпа өзенінің арнасын санациялау жалғасуда.

9. Мобильді байланыспен және Интернетпен толық қамтылмау ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымның проблемасы болып табылады.

Бұқар жырау ауданы Новоузенка ауылдық округінің (Стан, Севан) 2 бөлімшесінде халық саны аз (50 адамнан кем) болуына байланысты Интернет қолжетімді емес.

2025 – 2026 жылдарға арналған "Қолжетімді интернет" ұлттық жобасы шеңберінде 7 ауылда (Сарытөбе, Трудовое, Қарақұдық – 2025 жылы, Соқыр, Жұмабек, Новостройка, Тасшоқы – 2026 жылы) талшықты-оптикалық байланыс желісін салу жоспарлануда. Халықтың қамтылуы – 3 мыңнан астам адам.

Қаратомар ауылдық округі (Сенокосное) ADSL технологиясы бойынша сымды интернетпен қамтамасыз етілген.

10. Авариялық және ұшауысымды мектептердің проблемасы толық шешілмеген.

Қазіргі уақытта Қарағанды агломерациясында 2 авариялық және 2 аварияалды мектеп (Қарағанды қаласы – 3, Бұқар жырау ауданы – 1), ұшауысымды 1 мектеп (Қарағанды қаласы) бар.

Қарағанды қаласындағы авариялық жағдайдағы № 44 мектептің орнына жаңа мектеп салу үшін құрылыс басқармасы жобалық-сметалық құжаттаманы әзірледі (мемлекеттік сараптаманың 2,9 миллиард теңге сомаға 2024 жылғы 15 тамыздағы № KazE-0826/24 оң қорытындысымен).

Бұқар жырау ауданы Новостройка ауылында 150 орындық мектепті пайдалануға беру жұмыстары жүргізілуде.

Қарағанды қаласындағы авария алдындағы № 42 НОМ, № 137 НОМ мәселесін шешу үшін жаңа мектептер құрылысының ЖСҚ әзірлеуге құжаттар топтамасы жолданды.

Ұшауысымды мектептерді тарату мақсатында "Жайлы мектеп" ұлттық жобасы шеңберінде Қарағанды қаласының "Гүлдер" ықшамауданында 300 орындық мектептің құрылысы аяқталуда.

2024 жылы Қарағанды қаласында Методическая және Зелинский көшелерінің қиылысында (Пришахтинск) Шығармашылықты дамыту орталығы пайдалануға берілді.

Сондай-ақ 300 орындық мектеп (Саран қаласы), 320 орындық балабақша (Қарағанды қаласы) және 3 қосымша білім беру ұйымын (Қарағанды, Теміртау, Абай қалалары) салу қажет.

Халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану қажеттілігін толық қанағаттандыру үшін спорт инфрақұрылымының тапшылығы бар.

Саран қаласында және Үштөбе, Доскей, Көкпекті, Новоузенка, Қарабас, Южный ауылдарында тез тұрғызылатын спорт кешендерін салуға болады.

Облыс орталығы үшін 1500 орындық концерт залын, ірі сауда орталықтарын (Мегаға ұқсас) салған орынды болады.

11. 2025 жылға медициналық техника мен жабдықтарды сатып алуға 9,6 миллиард теңге бөлінді.

7 денсаулық сақтау объектісін салу қажеттілігі бар:

Қарағанды қаласы – 330 төсектік облыстық көпсалалы аурухана, 200 төсектік перинаталдық орталық;

Абай ауданы – Топар кентінде "Абай ауданының аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мемлекеттік кәсіпорны жанынан емхана;

Бұқар жырау ауданы – Тоғызқұдық, Байқадам, Сарыарқа (Заречное), Құрылыс ауылдарында 4 фельдшерлік-акушерлік пункт және медициналық пункт.

2025 жылы 8 объектіні күрделі жөндеуден өткізуге 2,08 миллиард теңге бөлінген.

12. 7 өрт сөндіру депосын салу қажет: Қарағанды (2 депо), Теміртау қалаларында, Ақтау, Ақтас, Новодолинка, Топар кенттерінде.

13. Тұрғын үй инфрақұрылымымен қамтамасыз ету қажеттілігі бар.

Бүгінгі күні тұрғын үй алуға 29379 адам кезекте тұр (Қарағанды қаласы – 20221, Теміртау қаласы – 2503, Шахтинск қаласы – 1468, Саран қаласы – 1125, Абай ауданы – 1801, Бұқар жырау ауданы – 1184, Осакаров ауданы - 1077).

14. Агломерацияны дамытуда агломерацияның қала-орталығының және шекара маңындағы елді мекендерінің инфрақұрылымдық дамуы мен бюджеттік жоспарлауын үйлестіруді қамтамасыз ете отырып, басқару моделін жетілдіру бойынша жұмыс (оның ішінде жер ресурстарын және көліктік жоспарлауды кешенді басқару, қала құрылысы

саясаты мен қалалық жоспарлауды жетілдіру, қалалар мен ауылдық елді мекендердің экономикасын жаңғырту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға инвестиция салу, "жасыл" технологияларды енгізу) жалғасатын болады.

Агломерацияның орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, халықтың әл-ауқатын арттыру Қарағанды агломерациясын дамытудың 2025 – 2029 жылдарға арналған кешенді жоспарының (бұдан әрі – Кешенді жоспар) мақсаты болып табылады.

Кешенді жоспардың міндеттері:

Қарағанды агломерациясының құрамына кіретін елді мекендердің аумақтық және инфрақұрылымдық дамуының ағымдағы проблемалық мәселелерін анықтау;

мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту және агломерацияның өндірістік күштері мен инфрақұрылымын дамытуға жеке капиталды белсенді түрде тарту арқылы инвестициялық белсенділікті ынталандыру;

Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде:

1) халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, Қарағанды агломерациясының орнықты дамуын қамтамасыз етуге;

2) сервис пен әлеуметтік қамсыздандырудың бірыңғай жүйесін қалыптастыру арқылы халықтың әл-ауқатын арттыруға;

3) Қарағанды қаласының экономикалық әлеуетін және Қарағанды агломерациясын дамытуды жүйелеуге;

4) экологиялық жағдайды жақсартуға;

5) жер, табиғи ресурстарды, логистикалық әлеуетті тиімді пайдалануға;

6) аумақтың экономикалық даму бағыттарын белгілеу арқылы адами капиталды арттыруға қол жеткізілетін болады.

Кешенді жоспарда мынадай іс-шаралар ескеріледі:

1) Қарағанды агломерациясының құрамына кіретін елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымдағы жай-күйін бағалау;

2) Қарағанды агломерациясының қалалық және кеңістіктік жоспарлау, коммуналдық, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту проблемалары;

3) Қарағанды агломерациясын дамытудың, оның ішінде коммуналдық, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, денсаулық сақтау жүйесін дамыту, қатты қалдықтарды жинауды, әкетуді және кәдеге жаратуды қоса алғанда, қоршаған ортаны абаттандыру, қорғау және сақтау жүйесін дамыту, білім беру, өнеркәсіптік даму, тұтыну нарығын дамыту, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың өзге де салаларындағы мақсаттары мен міндеттері;

4) іс-шаралардың қаржыландыру көздерін, көлемін, іске асыру мерзімдерін және жауапты орындаушыларын көрсете отырып, іс-шаралар кешені, оның ішінде агломерацияны дамыту міндеттері бойынша топтастырылған объектілерді салу және (немесе) реконструкциялау;

5) Кешенді жоспардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар	Қаржыландыру көлемі, млн теңге	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1-стратегиялық бағыт. Агломерацияның аумақтық дамуы						
Күтілетін нәтижелер: агломерацияны аумақтық дамытудың өңірлік схемасын бекіту; агломерацияның елді мекендерінің қала құрылысы құжаттамасымен 100 % қамтамасыз етілуі						
1.1-міндет. Бірыңғай қала құрылысы саясатын әзірлеу						
1	Қарағанды агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	құқықтық актіні қабылдау	2026 жылғы IV тоқсан	Ө Қ М , Қарағанды облысының әкімдігі	т а л а п етілмейді	
			2027 жылғы IV тоқсан			
2	Қарағанды қаласының бас жоспарын түзету бойынша жұмыстар жүргізу	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	45,1	ЖБ
3	Теміртау қаласының бас жоспарын түзету бойынша жұмыстар жүргізу	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	22,5	ЖБ
4	Саран қаласының бірыңғай сәулеттік келбетін жасау	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Ө Қ М , Қарағанды облысының әкімдігі	300	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		350	ЖБ
5	Қарағанды қаласының кешенді дизайн-жобасын жаңа стандарттарға сәйкес әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	25	ЖБ
	Теміртау қаласының					

6	кешенді дизайн-жобасын жаңа стандарттарға сәйкес әзірлеу	орындалған жұмыстар актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	15	ЖБ
	Бөлім бойынша жиыны:				757,6	ЖБ
	2025 жыл				407,6	ЖБ
	2026 жыл				350	ЖБ

1.2-міндет. Тұрғын үй құрылысын дамыту

Саран қаласы

7	Саран қаласы Р Т И ықшамауданында № 10, 16, 18, 19 үйлерді реконструкциялау және қалпына келтіру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	1 353,3	ЖБ
---	--	---------------------------------------	----------------------	------------------------------	---------	----

Шахтинск қаласы

8	Шахтинск қаласы Шахан кентіндегі 3-ықшамаудан 23 - үй коммуналдық тұрғын үйді реконструкциялау	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2026 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	359,8	ЖБ
---	--	---------------------------------------	----------------------	------------------------------	-------	----

Бұқар жырау ауданы

9	Бұқар жырау ауданы Доскей ауылы, Доскей көшесі, 35 тұрғын үйді күрделі жөндеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	670	ЖБ
	Бөлім бойынша жиыны:				2 383,1	ЖБ
	2025 жыл				2 023,3	ЖБ
	2026 жыл				359,8	ЖБ

1.3-міндет. Жер қатынастарын дамыту

	Кәсіпкерлік қызметті дамытудың және агломерацияның					
--	--	--	--	--	--	--

10	әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективалық бағыттарын ескере отырып, әлеуметтік, инженерлік, көліктік, өндірістік инфрақұрылымдарға арналған жерлерге қажеттілікті қоса алғанда, қала маңы аймағының	тексеру актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	талап етілмейді	
	жерлерін тексеру, аумақтың теңгерімін есептеу					
11	Агломерация аумағында орналасқан бағбандық қоғамдарын (кооперативтерін) түгендеу	бағбандық қоғамдарының жаңартылған тізімі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	талап етілмейді	
	С Қ А шекараларында жер учаскелерін одан әрі беруге жол бермеу үшін жария кадастрлық картада көрсетіле отырып, жергілікті жерде шекараларды белгілеу жөніндегі материалдар негізінде өнеркәсіптік кәсіпорындар	"Жылжымайтын мүліктің	2025 жылғы IV тоқсан 2026 жылғы IV тоқсан			

12	дың санитариялық-қорғау аймақтарын белгілеу	бірыңғай мемлекеттік кадастры" АЖ-де СҚА көрсетілуі	2027 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	талап етілмейді	
----	---	---	----------------------	------------------------------	-----------------	--

2-стратегиялық бағыт. Адами әлеуетті дамыту

Күтілетін нәтижелер:

білім беру саласында 300 оқушы орны мен мектепке дейінгі 600 орынды іске қосу;

халықтың спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуінің 1000 адамға шаққанда 65,4 %-дан 67,5 %-ға дейін өсуі;

өлім-жітім коэффициентінің 1000 тұрғынға шаққанда 9,44-тен 9,16-ға дейін төмендеуі

Қарағанды қаласы

13	Қарағанды қаласы Учебная көшесі, 7, "№ 44 негізгі орта мектебі" К М М мектебінің орнына 300 орындық мектеп салу, оның ішінде ЖСҚ әзірлеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	825	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		825	ЖБ
14	Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданы, Зелинский көшесі, 24-құрылыста 320 орындық балабақша салу, оның ішінде ЖСҚ әзірлеу	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	1 100	ЖБ
			2026 жылғы IV тоқсан		1 100	ЖБ

Теміртау қаласы

15	Теміртау қаласы 4А орамында балабақша құрылысын бірлесіп қаржыландыру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2025 жылғы IV тоқсан	Қарағанды облысының әкімдігі	80	БК
			2026 жылғы IV тоқсан		90	БК
